



БҰЙРЫҚ

18.04.18 ж.

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№ 130

Қ. город Костанай

**Оңалту басқарушыны
шеттегу туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2018 жылғы 19 наурыздағы (020340003731 БСН) "АПК Жер-Ана" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оңалту басқарушы Ақжібек Жанбуршиевна Тасмағамбетова кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты "АПК Жер-Ана" ЖШС-нің мүлкін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. А.Ж.Тасмағамбетова үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ак борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған оңалту басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Жақанов